


ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы

Леонардо да Винчидің қайта өрлеу заманындағы философияға тигізген әсері

Орындағандар: Батырхан Жаңыл

Қарағанды 2016ж.

Леонардо да Винчи (итал. Leonardo da Vinci, 15 ақпан 1452 жыл, Винчи қаласының маңы — 2 мамыр 1519 жыл, Амбуаза, Түрен, Франция) — италияндық ұлы суретші әрі ғалым, «Әмбебап адам» — италияндық Ренессанс мұратының жарқын үлгісі. Леонардоның қазіргі біз атап жүрген мәнді тегі болмаған; «да Винчи» «Винчи қалашығынан шыққан» дегенді білдіреді.



LEONARDO DA VINCI

Леонардо да Винчи

- суретші
- мүсінші
- инженер
- ойлап тапқыш
- Ғалым
- жазушы

Шығармашылығы

Леонардо До Винчи «Мона Лиза» суретін салған. Бұл оның ең әйгілі шығармасы. Деректер бойынша суретте 1479 жылы өмір сүрген Лиза атты әйел бейнеленген, ал кейбір деректер бойынша суретте Леонардо До Винчи өзінің әйел келбетіндегі суретін салды деген дерек бар. Оның себебі суреттің аты «Мона Лайза», яғни италиян тілінен аударғанда «Моя леди» дегенді білдіреді.

Сонымен қатар суреттің шын аты «Мона Лиза» емес, «Джоконда» деген дерек шықты. Осындай аталу себебі суретте Франческо Дель Джоконданың әйелі бейнеленуі мүмкін деген болжам бар.

Қазіргі кезде осы сурет өте бағалы болып саналады.

Бұл сурет Парижде, оқ өтпейтін әйнекпен қапталып сақталған. Қазіргі кезде ол 7 миллион доллар шамасында бағаланады.



**Леонардо да
Винчи.
Джоконда
(Мона Лиза)**

Философиясы

Гуманистік ойды қалыптастырып, оны жалпы-адамзаттық мәдени құбылысқа айналдыруда Италияның ұлы суретшісі, табиғат зерттеуші ғалымы, көрнекті философы Леонардо да Винчидің(1452—1519 жж.) қосқан үлесі өте зор болды. Да Винчидің философиясы беделділіктің әсерінен бастартып, тәжірибеге, адамның ақыл-ойының күшіне сену негізінде табиғаттың бірлігін, адамзат мәдениетінің өміршендігін дәріптеумен ерекшеленеді. Ол осы тұрғыдан орта ғасырлық схоластиканы сынға алып, оны софистика сияқты пайдасы жоқ ілім деп есептеді. Жалпы алғанда, да Винчи «философиялық тас» іздестірудің өзі пайда бермейтін іс, себебі табиғат құдайдың заңдылығына емес, өзінің қажеттілік заңына бағынады да, үздіксіз өзгерісте, даму үстінде деп тұжырымдайды, Мысалы, белгілі бір жағдайда су буға, бу мұзға, мұз қайтадан суға айналады.

Да Винчи әл-Фараби мен ибн Руштың «екі ұдайы ақиқат» теорияларына қарсы болды. Оның ойынша, діни ақиқат деген жоқ, себебі құдайдың өзі жоқ, шын ақиқат — тек ғылыми ақиқат қана. Ғылымда табысқа жетудің бірден-бір жолы — математика тәсілі мен тәжірибе. Жалпы ғылыми жетістіктердің құндылығы олардың практикада қолданылу мүмкіндігі болуымен айқындалады. Осы тұрғыдан ол механикаға (теория мен практиканың бірлігі ретінде) аса зор көңіл бөліп, өзі осы айтылған қағидалар негізінде көптеген инженерлік идеяларды жүзеге асыруға тырысты (парашют, ұшатын қанат, тоқыма станогі, т.б.)

Да Винчи алғашқылардың бірі болып сурет өнері саласында сынның мазмұны туралы пікір айтып, эстетикалық талғамның қалыптасуына үлкен әсер етті.

Ұлы суретші инквизиция қаупінен тайсалмай, адамның дене құрылысын зерттеумен шұғылданып, мәйіттерге ота жасаумен айналысты. Көшелер мен алаңдарды аралап, адамдардың бет-әлпетіне зейін қоя қарады, ерекше бет құрылыстарын қағазға түсірді. Әсіресе, адамдардың көңіл-күйін жақсы көрсететін реніш, қуаныш, қайғы секілді халдер оны қатты қызықтырды. Ол: *«Жарыққа қарап, оның нұрына зер сал, сөйтіп көзіңді қас-қағым сәтте жұмып, қайта аш, сонда саған өзің көрген жарық басқаша болып байқалады»* деп жазған.

Өнертапқыштығы

A vertical list of six empty rectangular boxes for notes, each preceded by a small circle connected by a line. The circles are arranged in a vertical column on the left side of the page, and the boxes extend to the right. The circles are connected by a thin vertical line, and each circle has a small diagonal tick mark on its left side.

Қызықты дерек

Леонардо да Винчи көз жұмардың алдында өзінің шәкірттеріне мұқият толтырылған 120 дәптерді мұраға қалдырған екен. Бір таңқаларлығы – Леонардо анатомия ғылымына да ден қойып, адам ағзасының ішкі құрылысын да тыңғылықты зеттеген көрінеді. ХХ ғасырдың орта шенінде суретшінің тарапынан жасалған зерттеулер медицина саласы мамандарының арасында талас-тартыс туғызды. Суретшінің шәкірті Паоло Джиово Винчидің мәйітханаларда өліктерді сойып, адам ағзаларын зерттеумен айналысқандығын нақтылы түрде дәлелдеді. Орыстың атақты ғалымы Павлов Леонардоны өзінің ұстазы санаған. Көркемсурет өнерінің хас шебері ХVІ ғасырдың өзінде-ақ адамның ішкі ағза мүшелерінің құрылысын толық зерттеген көрінеді. Павловтың Винчидің теориясын дәлелдегенінен бергі аралықта 400 жылдай уақыт өтті. Алайда оның анатомия іліміне қосқан жаңалығы әлі де күшін жойған жоқ. Бірақ, дүние салардың алдында әйгілі қылқалам шебері анатомияға ден қоямын деп, көркемсуретті ақсатып алғанына үлкен өкініш білдіріпті.